Павлодар облысының білім беру басқармасы,Аққулы ауданы білім беру бөлімінің «Бескарагай жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

140701; Павлодар облысы, Ақкулыауданы, Бескарагай селосы, А.Құсайынов кошесі, 13, тел. (8-718-39-41) 3-45

КГУ«Бескарагайская средняя общеобразовательная школа» отдела образования района Аққулы, управления образования Павлодарской области

140701; Павлодарская область, район Аққулы, село Бескарагай, ул. А.Кусаинова, 13 тел. (8-718-39-41) 3-45

БҰЙРЫҚ

Бескарагай ауылы №1-03/ 203 2025 жылғы 2 қыркүйек

Тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

«Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда,жетім балалар мен ата- анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» ҚР БжҒМ-нің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің 2020 жылғы 8 маусымдағы №235 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.2025 жылғы 2 қыркүйектен бастап 1-11 сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамту ұйымдастырылсын.Әлеуметтік қорғалмаған санаттағы оқушыларды тегін тамақтандыру бойынша сапалы мемлекеттік қызмет көрсетілуі қамтамасыз етілсін.

2.2025-2026 оқу жылы мектепте тамақтандыруды ұйымдастыруға жауапты болып тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Б.Тусупова тағайындалсын.

3.Жаппай оқыту қорынан (163 специфика) 14 оқушы ыстық тамақпен қамтылсын: атаулы әлеуметтік көмек алатын 4 оқушы және ең төменгі күнкөріс деңгейінен 6 оқушы, аз қамтамасыз отбасынан 4 оқушы.

4. Облыстық бюджеттен (141 специфика) бастауыш сыныптан 13 оқушы ыстық тамақпен қамтылсын. (тізімі қоса берілсін)

5.Демеушілік қорынан 26 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін. (тізімі қоса беріледі)

6.Мектеп медбикесі А.Жампейсова оқушыларды тамақтандыру кестесін әзірлеп,бекітілген апта сайынғы және перспективті меню,СанПин талаптарына сәйкес бракеражды,денсаулық журналдарын жүргізсін.

7.Күнделікті азық-түлігінің сапасын, оқушылардың рационалды тамақтануын,ас мәзірі мөлшерін,ауыз су режимін ұйымдастыру және асхананың санитарлық-гигиеналық жағдайын бақылауға жауапкершілік мектеп медбикесі А.Жампейсоваға жүктелсін.

8.Азық-түліктің жеткізілуіне және олардың сертификаттарының болуына жауапкершілік шаруа ісінің меңгерушісі С.Рамазановқа жүктелсін.
9. Мектеп аспазы А.Молдажанова және асхана қызметкері И.Кириченко тамақ әзірлейтін бөлікте және түскі ас ішетін залдағы санитарлық нормалары қатаң түрде сақтасын.
10.Асханада әкімшілікпен мұғалімдердің кезекшілік кестесі бекітілсін.
11.Информатика пәні мұғалімі А.Оспанов мектеп сайтында мектептің тамақтандыру,меню, брокеражды комиссия құрамын ұйымдастыру бойынша ақпаратың орналастырылуын қамтамасыз етсін.
12.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры: **Г.Капанова**

Таныстырылды: Б.Тусупова
С.Рамазанов
А.Жампейсова
А.Молдажанова
И.Кириченко
А.Оспанов